

"Қоңырөзек ауылдық округінің Қоңырөзек ауылы Амангелді көшесі бойынша шектеу шараларын енгізілуімен ветеринарлық режимді бекіту туралы" 2015 жылдың 23 қаңтардағы № 1 Қоңырөзек ауылдық округі әкімінің шешімі күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Қоңырөзек ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 2 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабымен, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Успен ауданының бас мемлекеттік ветеринарлық–санитарлық инспекторының 2015 жылдың 5 қарашадағы № 2-19/504 ұсынысы негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Қоңырөзек ауылдық округінің Қоңырөзек ауылы Амангелді көшесі бойынша шектеу шараларын енгізілуімен ірі қара малдардың сарып ауру ошағын жою жөніндегі барлық ветеринарлық-алдын-алу шараларының жүргізілуіне байланысты ветеринарлық режим алынсын.

2. "Қоңырөзек ауылдық округінің Қоңырөзек ауылы Амангелді көшесі бойынша шектеу шараларын енгізілуімен ветеринарлық режим бекіту туралы" 2015 жылдың 23 қаңтардағы № 1 шешімі өз күшін жойды деп есептелсін. (Павлодар облысының Әділет Департаментінде 2015 жылдың 3 ақпанда № 4292 тіркелген, 2015 жылдың 7 ақпандағы № 5 "Аймақ ажары" газетінде жарияланған).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

*Қоңырөзек ауылдық
округінің әкімі*

Р. Кумуков